

## Ғылыми атақтар беру ережелерін бекіту туралы

### **Күшін жойған**

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2003 жылғы 10 қаңтардағы N 15 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 29 қаңтарда тіркелді. Тіркеу N 2140. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы N 128 Бұйрығымен.

Күші жойылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 2011.03.31 N 128 (ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

Жоғары білікті кадрларды аттестаттаудың нормативтік құқықтық базасын жетілдіру мақсатында бұйырамын:

1. Қоса беріліп отырған Ғылыми атақтар беру ережелері бекітілсін.
2. Жоғары аттестациялық комитет (Құсайынов А.Қ.) жоғары білікті ғылыми және ғылыми-педагогтік кадрларды аттестаттау мәселелері жөніндегі нормативтік құқықтық құжаттарын осы бұйрыққа сәйкес келтірсін.
3. Құқықтық қамтамасыз ету және аудит басқармасы (Күзембаев М.М.) осы бұйрықты белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуден өткізуге тапсырын.
4. Осы бұйрық 2003 жылғы 1 наурыздан қолданысқа енгізіледі.
5. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрі міндетін атқарушының 2001 жылғы 4 маусымдағы "Ғылыми атақтар беру ережелерін бекіту туралы" N 421 бұйрығы күшін жойды деп саналсын.
6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау бірінші вице-министр F.M. Мұтановқа жүктелсін.

**Министр**

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым Министрінің  
2003 жылғы 10 қаңтардағы  
N 15 бұйрығымен бекітілген

## **ҒЫЛЫМИ АТАҚТАР БЕРУ ЕРЕЖЕЛЕРИ**

**МАЗМҰНЫ**

**Ескерту: Барлық мәтіндегі "ЖАК" сөзі тиісті септікте "Комитет" сөзімен ауыстырылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 2005 жылғы 2 наурыздағы N 127 бұйрығымен .**

## **1. Жалпы қағидалар**

1. Осы Ережелер терең кәсіби білімді, ғылыми және ғылыми-педагогтік қызметте жетістіктерге қол жеткізген тұлғаларға профессор және доцент ғылыми атақтарын беру тәртібін белгілейді.

2. Профессор және доцент ғылыми атақтарын жоғары оқу орындарының, кадрлар біліктілігін арттыру және қайта даярлау үйымдарының, ғылыми, ғылыми-зерттеу және ғылыми-өндірістік үйымдардың қызметкерлеріне сол үйымдардың ғылыми (ғылыми-техникалық) кеңестерінің ұсынысы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы қадағалау және атtestаттау комитеті (бұдан әрі - Комитет) Төралқасының және Алқасының шешімдері негізінде Комитет береді.

**Ескерту: 2-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 2005 жылғы 2 наурыздағы N 127 бұйрығымен .**

3. Осы Ережелерде көзделмеген ерекше жағдайларды ескеруді қажет ететін мәселелерді, оларды Комитет Төралқасының қарауын ескере отырып, өз құзыретінің шегінде Комитет шешеді.

Осы Ережелермен реттелмеген даулар, оның ішінде ғылыми атақтардан айыру (қалпына келтіру) мәселелері жөніндегі, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарында қарастырылған тәртіппен шешіледі.

Ғылыми атақтар беру жөніндегі түпкілікті шешімді мемлекет атынан Комитет қабылдайды.

## **2. Ғылыми атақ ізденушілерге қойылатын талаптар**

4. Профессор ғылыми атағы доцент немесе аға ғылыми қызметкер атағы бар, жоғары оқу орынның немесе кадрлар біліктілігін арттыру және қайта даярлау үйымының профессоры, кафедра менгерушісі қызметін кем дегенде бір оқу жылы бойы нәтижелі атқарып жүрген:

- 1) ғылыми-педагогтік жұмыс стажы 10 жылдан кем емес;
- 2) докторлық диссертация қорғағаннан кейін сұралып отырған мамандық бойынша кем дегенде бес ғылыми еңбегі, оның ішінде кем дегенде үшеуі тізбесін Комитет бекіткен басылымдарда жарияланған;
- 3) белгіленген тәртіппен ұсынылған және соңғы үш жылда жарияланған, көлемі он баспа табақтан кем емес, оның ішінде кем дегенде бес баспа табағы ізденушінің жеке үлесін құрайтын, білім беру процесінде кем дегенде бір оқу

жылы бойы қолданылып жүрген оқу құралдары бар немесе Комитет ғылыми дәреже берген екі шәкірт дайындаған ғылым докторларына беріледі.

5. Профессор ғылыми атағы доцент немесе аға ғылыми қызметкер атағы бар, ғылыми, ғылыми-зерттеу, ғылыми-өндірістік ұйымдарда және жоғары оқу орындарының ғылыми бөлімшелерінде бас, жетекші ғылыми қызметкер, ғылыми-зерттеу бөлімінің (секторының, лабораториясының) менгерушісі (бастығы), ғалым хатшы, директордың орынбасары, директор қызметтерін кем дегенде бір жыл бойы нәтижелі атқарып жүрген:

1) ғылыми жұмыс стажы 10 жылдан кем емес; <\*>

2) докторлық диссертация қорғағаннан кейін сұралып отырған мамандық бойынша кем дегенде он ғылыми еңбегі, Комитет бекіткен тізбесіндегі басылымдарда бес және кем дегенде үш жеке жарияланымдары жарияланған; <\*>

3) Комитет ғылыми дәреже берген үш шәкірт дайындаған ғылым докторларына беріледі. <\*>

**Ескерту. 5-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2004 жылғы 9 маусымдағы N 534 бұйрығымен, 2005 жылғы 2 наурыздағы N 127 бұйрығымен .**

6. Профессор ғылыми атағы, айырықша жағдай ретінде, Қазақстан Республикасы (КСРО) Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, профессор, кафедра менгерушісі қызметін кем дегенде бір оқу жылы бойы нәтижелі атқарып жүрген, белгіленген тәртіппен ұсынылған және диссертация қорғағаннан кейін жарияланған көлемі кем дегенде он баспа табақ, білім беру процесінде кем дегенде бір оқу жылы бойы қолданылып жүрген оқу құралдары бар ғылым докторларына берілуі мүмкін.

7. Қазақстан Республикасының Қарулы күштер қатарындағы, Ішкі істер министрлігі мен Ұлттық қауіпсіздік комитеті жүйелеріндегі және Қазақстан Республикасының Қаржы полициясы агенттігіндегі офицерлердің атқарып жүрген қызмет ерекшеліктерін ескере отырып, айрықша жағдай ретінде, жоғарыда көрсетілген ведомстволық бағыныстағы жоғары оқу орындарының профилі бойынша арнаулы кафедра (кафедралар Комитеттің арнаулы тізбесімен анықталады) бастығы, сондай-ақ жоғары оқу орнының бастығы, оның ғылыми немесе оқу жұмыстары жөніндегі орынбасары қызметін кем дегенде бір оқу жылы бойы нәтижелі атқарып жүрген:

1) ғылыми-педагогтік жұмыс стажы 7 жылдан кем емес;

2) белгіленген тәртіппен ұсынылған және соңғы үш жылда жеке өзі жазып жариялаған, білім беру процесінде кем дегенде бір оқу жылы бойы қолданылып жүрген оқулығы бар немесе Комитет ғылыми дәреже берген шәкірт дайындаған;

3) доцент ғылыми атағы берілгеннен кейін әзірлеген, білім беру процесінде

кем дегенде бір оқу жылы бойы қолданылып жүрген оперативтік-тактикалық (арнайы тактикалық) тапсырмалары бар ғылым кандидаты-доценттерге профессор ғылыми атағы берілуі мүмкін.

8. Профессор ғылыми атағы өнер және сәулет саласының Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы" Заңымен белгіленген Қазақстан Республикасының құрметті атақтарына ие, профессор, кафедра менгерушісі қызметін кем дегенде бір оқу жылы бойы нәтижелі атқарып жүрген, жоғары оқу орындарында өз мамандығы бойынша

оқытушылық етүші :

- 1) шығармашылық-педагогтік жұмыс стажы 10 жылдан кем емес;
- 2) шығармашылық еңбектері бар;
- 3) доцент ғылыми атағын профессор ғылыми атағына ұсынылудан 5 жыл  
бұрын алған;
- 4) доцент ғылыми атағы берілгеннен кейін жеке өзі жалпы көлемі үш баспа табақтан кем емес немесе басқа авторлармен бірге, оның ішінде ізденушінің жеке үлесі үш баспа табақтан кем емес, жазып жариялаған және белгіленген тәртіппен ұсынылған, білім беру процесінде кем дегенде бір оқу жылы бойы қолданылып жүрген оқу құралы бар;

5) халықаралық конкурстардың, көрмелердің, фестивальдардың, байқаулардың, үш лауреатын (дипломантын) дайындаған қызметкерлеріне берілуі мүмкін.

9. Педагогика профессоры ғылыми атағы профессор, кафедра менгерушісі қызметін кем дегенде бір оқу жылы бойы нәтижелі атқарып жүрген:

- 1) "Еңбегі сіңген жаттықтырушы" атағы бар;
- 2) жаттықтырушылық-педагогтік жұмыс стажы 10 жылдан кем емес;
- 3) доцент ғылыми атағын профессор ғылыми атағына ұсынылудан 5 жыл  
бұрын алған;
- 4) доцент ғылыми атағы берілгеннен кейін жеке өзі жалпы көлемі үш баспа табақтан кем емес, немесе басқа авторлармен бірге, оның ішінде ізденушінің жеке үлесі үш баспа табақтан кем емес, жазып жариялаған және белгіленген тәртіппен ұсынылған, білім беру процесінде кем дегенде бір оқу жылы бойы қолданылып жүрген оқу құралы бар;

5) Азияның, Еуропаның екі чемпионын, әлем және Олимпиада ойындарының жүлдегерлерін дайындаған дene тәрбиесі және спорт маманы ғылым кандидаттарына берілуі мүмкін.

10. Доцент ғылыми атағы жоғары оқу орнының, кадрлар біліктілігін арттыру және қайта даярлау үйіміның доценті, профессоры, кафедра менгерушісі қызметін кем дегенде бір оқу жылы бойы нәтижелі атқарып жүрген:

- 1) ғылыми-педагогтік жұмыс стажы 5 жылдан кем емес;

2) диссертация қорғағаннан кейін сұралып отырған мамандық бойынша кем дегенде үш ғылыми еңбегі (тезисі емес) жарияланған (депоненттеген);

3) белгіленген тәртіппен ұсынылған және соңғы 3 жылда жеке өзі жазған, көлемі екі баспа табақтан кем емес, білім беру процесінде кем дегенде бір оқу жылы бойы қолданылып жүрген оқу құралы жарияланған немесе Комитет ғылыми дәреже берген бір шәкірт дайындаған ғылым докторлары мен кандидаттарына беріледі.

11. Доцент ғылыми атағы ғылыми, ғылыми-зерттеу, ғылыми-өндірістік ұйымдарда және жоғары оқу орындарының ғылыми бөлімшелерінде бас, жетекші, аға ғылыми қызметкер, ғылыми-зерттеу бөлімінің (секторының, лабораториясының) менгерушісі (бастығы), ғалым хатшы, директордың орынбасары, директор қызметтерін кем дегенде бір жыл бойы нәтижелі атқарып

жүрген:

1) ғылыми жұмыс стажы 5 жылдан кем емес; <\*>

2) жоғары оқу орнындағы немесе кадрлар біліктілігін арттыру және қайта даярлау ұйымдарындағы педагогтік жұмыс стажы бір жылдан кем емес немесе олардың жетекшілігімен алты бітіруші білікті жұмыс қорғалған, немесе Комитеттің ғылыми дәрежесі берілген бір оқушы дайындаған;

3) диссертация қорғағаннан кейін сұралып отырған мамандық бойынша кем дегенде алты ғылыми жұмысы жарияланған, оның ішінде кем дегенде үшеуі Комитеттің тізбесіндегі басылымдарда және кем дегенде өзінің екі жеке жарияланымы.

<\*>

**Ескерту. 11-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2004 жылғы 9 маусымдағы N 534 бұйрығымен .**

12. Сонымен қатар доцент ғылыми атағы өнер және сәулет саласының Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы" Занымен белгіленген Қазақстан Республикасының құрметті атақтарына ие, доцент, профессор, кафедра менгерушісі қызметін кем дегенде бір оқу жылы бойы нәтижелі атқарып жүрген:

1) шығармашылық-педагогтік жұмыс стажы 5 жылдан кем емес;

2) шығармашылық еңбектері бар;

3) халықаралық және республикалық конкурстардың, көрмелердің, фестивальдардың, байқаулардың, сыйлықтардың екі лауреатын (дипломантын) дайындаған;

4) белгіленген тәртіппен ұсынылған және жеке өзі жазған, көлемі екі баспа табақтан кем емес, білім беру процесінде кем дегенде бір оқу жылы бойы қолданылып жүрген оқу құралы жарияланған қызметкерлеріне;

доцент, профессор, кафедра менгерушісі қызметін кем дегенде бір оқу жылы бойы нәтижелі атқарып жүрген:

1) дene шынықтыру және спорт саласындағы еңбегі үшін берілген құрметті атағы немесе "Еңбекі сіңген жаттықтырушы" атағы бар;

2) жаттықтыруышылық-педагогтік жұмыс стажы 5 жылдан кем емес;

3) белгіленген тәртіппен ұсынылған және соңғы үш жылда жеке өзі жазып жариялаған, көлемі екі баспа табақтан кем емес, білім беру процесінде кем дегенде бір оқу жылы бойы қолданылып жүрген оқу қуралы бар;

4) әлемдік универсиадалардың, Азия, Еуропа, әлем чемпионаттарының, Азия және Олимпиада ойындарының кем дегенде екі жүлдегерін дайындаған дene тәрбиесі және спорт мамандарына берілуі мүмкін.

13. Фылыми атақтар белгіленген тиісті талаптар сақталған жағдайда осы Ережелердің 4, 6, 8, 9, 10, 12-тармақтарында аталған қызметтерді қоса атқарып (жылдық жүктемесі 240 сағаттан кем емес) жүрген тұлғаларға берілуі мүмкін.

### **3. Фылыми атақтарды беру рәсімі**

14. Ғылыми (ғылыми-техникалық) көнс алдында ғылыми атақ беру туралы өтініш кафедраның, бөлімнің және т.б. пікірін ескере отырып ізденушінің өз тарапынан қозғалуы мүмкін.

15. Ғылыми атақ беру жөніндегі аттестациялық істердің ресімделу тәртібін  
К о м и т е т б е л г і л е й д і .

Тізбесін Комитет белгілейтін ғылыми атақ беру жөніндегі құжаттар мемлекеттік немесе орыс тілінде тапсырылады.

Фылыми атақ ізденушілердің Комитетке жіберілетін аттестациялық істерін ресімдеуге байланысты шығындарды төлеу фылыми (фылыми-техникалық) кеңестер жұмыс істейтін, Комитетке тиісті ұсыныстарды әзірлеген үйымдарға жүктеледі.

16. Фылыми атақ беру жөніндегі аттестациялық істердің қаралу мерзімі аттестациялық істің Комитетте тіркелген күнінен бастап профессор үшін - 4 ай, доцент үшін - 3 ай.

Аттестациялық істерді ұзағырақ уақыт сараптаудан өткізуді талап ететін ерекше жағдайларда бұл мерзімді ұзарту мәселесін нақты әр іс бойынша Комитет шешиді.

Ғылыми (ғылыми-техникалық) кеңес ғылыми атақ беру жөніндегі жаңа өтінішті осы атақты беруден бас тарту туралы Комитет шешімі шыққаннан кейін кем дегенде бір жылдан соң бере алады. Қайталап өтініш беру үшін міндетті түрде ізденушінің жаңадан жарияланған ғылыми еңбектері, оқулықтары, оқу құралдары және (немесе) жаңа дайындаған шәкірттері болуы керек.

#### **4. Аттестаттарды ресімдеу және беру**

17. Профессорлар мен доценттерге белгіленген мемлекеттік үлгідегі  
аттестаттар беріледі.

Профессор немесе доцент ғылыми атағын беру туралы шешім оны Комитет  
қабылдаған күннен күшіне енеді.

Профессор немесе доценттің жоғалтқандарға жаңа реттік нөмірмен  
төлкүжат берілуі мүмкін.

Аттестаттарды және олардың телкүжаттарын ресімдеу мен беру тәртібін  
Комитет белгілейді.

## **5. Ғылыми және ғылыми-педагог кадрларды қайта аттестаттау**

18. Қазақстан Республикасында тек Комитет берген профессор және доцент  
аттестаттары таңылады.

Басқа елдердің мемлекеттік аттестаттау органдары берген ғылыми атақтары  
бар Қазақстан Республикасының азаматтарын, шетелдіктерді және азаматтығы  
жоқ тұлғаларды қайта аттестаттау олар жұмыс істейтін ұйымның немесе  
өздерінің жеке өтінішімен бірге Комитет белгілеген тізбе бойынша құжаттарын  
ұсынған жағдайда жүргізіледі.

19. Мемлекеттік емес ұйымдар ғылыми атақ берген тұлғаларға қайта  
аттестаттау жасалмайды. <\*>

**Ескерту. 19-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрлігінің  
2004 жылғы 9 маусымдағы N 534 бұйрығымен .**

## **6. Апелляцияларды қарau**

20. Ғылыми атақтарды беру, сондай-ақ жоғары білікті кадрларды қайта  
аттестаттау мәселелері туралы Комитет Төралқасының шешіміне шешім шықсан  
күннен кейін екі ай мерзімде Комитетке апелляция беруге болады.

Көрсетілген мерзім өткеннен кейін апелляция Комитеттің қарауына  
қабылданбайды. Апелляцияны Комитеттің апелляциялық комиссиясы қарайды.  
Апелляцияларды қарau рәсімі Комитет бекітетін Комитеттің апелляциялық  
комиссиясы туралы ережемен белгіленеді.

Комитеттің апелляция жөніндегі түпкілікті шешімі шағымданушыға (  
шағымданушыларға) хабарланады.